

Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебінің даярлық тобының 12.02.-16.02 күндер аралығындағы онкүндігінің есебі.

12.02.24 ж апталықтың ашылуы өтті. «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбына балалар «Бауырсақ» ертегісін тамашалап, сахналап берді. Жұмбақтар жасырылып, сұрақ жауап арқылы жұмбақтардың шешімін тапты. Ойындар арқылы сергіту сәттерін жасады. Осы іс-шарадан кейін, балалар өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.



13.02. 24ж жоспарға сай қоршаған орамен танысу сабағында «Төрт түлік жануарлармен танысу, олардың төлдерін атау» тақырыбына ашық сабақ өтті. Ашық сабақта балалар төрт түліктің төлдерін атап, олардан алатын өнімдерін айтып шықты. Ермексаздан қошақанның бейнесін жасады. Төлдердің дыбыстарын ажырата білді. Балалар сабаққа өте белсенді қатысып, жақсы көңіл күй алды.



14.02. 24ж сәрсенбі күні кітапханаға саяхат жасадық. Кітапханашы Ақпаева Ж.К. балаларды жылы лебізімен қарсы алып, кітап әлемімен таныстырды. Мектеп кітапханашысы Ақпаева Ж.К. сыныптың әр оқушысы қойған сұрақтарға зейінмен жауап берді. Кітап туралы нақыл сөздер оқып, кішкентай бүлдіршіндермен әрқайсысын талдап шықты. Кітапты жазушы – халқы және балалар үшін жазады. Оқушылар көптеген әсер алып, жақсы көңіл күймен қайтты.



Даярлық сынып тәрбиешілері: Жаксыбаева С.

Кенжегарина А.К.